ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2024 жылғы 23 ақпан №7119-24-00-2/1188 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «MA Partner» Айтуганов Муратбек Балабаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «MA Partner» Айтуганов Муратбек Балабаевичке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «MA Partner» Айтуганов Муратбек Балабаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «MA Partner» Айтуганов Муратбек Балабаевичтен Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 17 100

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 23.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.04.2024, судья Бакишев А. Б., 24.04.2024
7119-24-3-1/786

теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 513 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеу бойынша шығыны және 400 теңге мөлшерінде банк комиссиясын төлеу бойынша шығыны, барлығы 18 013 (он сегіз мың он үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 23.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.04.2024, судья Бакишев А. Б., 24.04.2024

7119-24-3-1/786